

## БӨЛІМ: ИНФОРМАТИКА

## Контекстік меню.

ЖАРИЯЛАНДЫ  
30.06.2020

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/77777/>

Тобы	Күні			«БЕКІТЕМІН»
К-60	16.03.2020			Директордың ОІЖ орынбасары:
				_____ Е. Билалов

## САБАҚТЫҢ ЖОСПАРЫ № \_\_\_\_

<b>Пән аты:</b>	Үш өлшемді графика және мультимедиялық технология
<b>Оқытушы:</b>	Сопбекова М. Ж.
<b>Дәрісхана:</b>	301
<b>Дәрістің түрі:</b>	Аралас сабақ
<b>Оқыту әдісі:</b>	Жаттығу, іскерлік ойын, интерактивті тақта, электрондық оқулық
<b>Дәрістің тақырыбы:</b>	<b>Контекстік меню.</b>
<b>Дәрістің мақсаттары:</b>	
<b>Білімділік:</b>	Студенттерді <b>AutoCAD бағдарламасының қолданылуына сараптама жасап, тиімділігін көрсетіп, кері әсерін анықтау.</b>
<b>Дамытушылық:</b>	Студенттердің танымдылық, іздеп-тапқыштық қабілеттерін, логикалық ойлау қабілетін дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру.
<b>Тәрбиелік:</b>	Студенттерді адамгершілікке, сауаттылыққа, үлкенді сыйлауға, үлкеннің жолын кеспеге, қадірлеуге мәдениеттілікке, ұқыптылыққа, пәнді сүйеге тәрбиелеу.
<b>Дәріске қолданылатын көрнекі құралдар:</b>	Компьютер, интерактивті тақта, электрондық оқулық, мәтіндік редакторда

# Сабақтың барысы

**I. Ұйымдастыру кезеңі: (5 мин)** Дәрісхана, тақта тазалығына назар аудару, оқушылармен сәлемдесу, оқушылардың қатысымын тексеру, оқушылардың сырт көрінісін және төс белгісін қадағалау. Оқу құралдарының түгел болуына басты назар аудару

**II. Оқушыларды мына тақырып бойынша тексеру: (15 мин) «Контурлармен жұмыс істеу»**

## Сұрақтар:

1. Контур (path)- құралдар панелінің қай объекті?
2. Олар қандай сызықтармен қосылған нүктелерден тұрады?
3. Контурдың немесе фигураның нобайын өзгерту үшін контурды не істеуге болады? 4. Қабаттан айрық шаулау контуры- бұл не?

**III. Сабақты өткізуді ұйымдастыру: (55 мин)** Әр оқушыны жеке компьютерге отырғызып, нұсқау кітапшаларын таратып беру. Техника қауіпсіздігін сақтау туралы дәптерге қол қою. Нұсқау кітапшасындағы Жұмыстың орындалу тәртібі мен техника қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Жұмысты нұсқауға сәйкес орындау. Тапсырма мен бақылау сұрақтарының орындалуын қадағалау.

Контекстік менюдің ішіндегісі қазіргі сәтте жұмыс істеп отырған командаға байланысты. КЕСІНДІ (LINE) командасының жұмысын жалғастыруға тараулар берілген: ENTER, Үзу (Cancel), Бекіту (Close), Өзгерту (Undo), Панорамировалалау (Pan), Зумиралау (Zoom). Осы менюде тарау таңдау қарапайым түрде іске асады. Enter тарауы команданы аяқтайды, Үзу (Cancel) тарауы команданың жұмысын үзеді. Бекіту (Close) және Өзгерту (Undo) тараулары жоғарғыда талдап кеткен іс-әрекеттер сияқты орындалады. Панорамировалалау (Pan), және Зумиралау (Zoom) тараулары жоғалып тұратын командаларды шақырады (команданың жұмысың біраз уақытқа үзе тұрады) Пан және Көрсету. Осы командалар масштабты өзгерте алады.

Екінші нүктені көрсеткеннің орнына бассaq, онда КЕСІНДІ (LINE) командасы ешқандай объект салмай аяқталады. Ал егер бірінші нүктені көрсеткеннің орнына бассaq, онда ол соңғы нүктесін көрсетеді, егер не сурет, не соңғы салыңған объект жоқ болса, онда қате бар деп хабарлайды:

*Жалғастырғанға не кесінді, не доға жоқ. Бірінші нүкте:  
(No line or arc to continue. Specify first point:)*

Егер соңғы нүктесі жоқ, соңғы салынған объект примитив болса (мысалы: мәтін), онда AutoCAD кесінді, полилиния немесе доғаны тапқаңға дейін соңғының алдыңғы нүктесіндей береді. Егер де соңғы табылған объект доға немесе полилиния болса, оның соңғы салынған бөлігі доға түрінде болса, онда AutoCAD кесінді салады, соңғы табылған доғаның жалғасы болып және сұрайды:

*Кесінді ұзындығы:*

*(Length of line:)*

Бұл сұраққа сіз пернелік тақтадан не санды енгізу керексіз немесе экранда уақытша нүктені көрсетуіңіз керексіз. Екі тәсілдің біреуінен алынған сан болашақ кесіндінің миллиметрлік арақашықтығы болады. Ол доғаның қатыстық жалғасы болып табылады.

Осылай, бір КЕСІНДІ (LINE) командасымен бір немесе бірнеше бірінен кейін бірі орналасқан кесінділерді салуға болады. Команданы аяқтау үшін батырмасын басу керек немесе бекіту опциясы – З(С) символын теру керек.

АЖЖ міндеттеріне орай, AutoCAD объектілер кескіндерімен емес, объектілердің техникалық кескінін құрайтын геометриялық сипаттамаларымен жұмыс істейді. Мысалы, кесінді екі нүктемен сипатталады, шеңбер центрі және радиусы арқылы сипатталады, доға –центрі, радиусы және центрлік бұрышы арқылы сипатталады. Объектілерді бұлайша бейнелеу *векторлық* деп аталады. Ол кез келген күрделіліктегі техникалық кескінді жасау үшін жеткілікті.

AutoCAD – тың графикалық объектілері **графикалық примитивтер** деп аталатын, типі бойынша алуан түрлі болып келетін элементтерден құралады. AutoCAD примитивтеріне бірқатар қасиет тән: қабатқа тиістілігі, сызық типі, сызық түсі, салмағы және т.б.

AutoCAD графикалық редакторы пайдаланушыға примитивтердің белгілі бір жиынын ұсынады.

**Нүкте** – әртүрлі графикалық белгілердің көмегімен кескінделетін қарапайым примитив.

**Кесінді** – екі шеткі нүктесі арқылы берілетін түзу сызықтың бөлігі.

**Түзу** – Түзуге тиісті екі нүкте арқылы берілетін, шексіз ұзын түзу сызық.

**Сәуле** – берілген нүктеде басталып, шексіздікке кететін түзу сызық.

**Мультисызық** (Мсызық) – параллель сызықтар жиынтығы (1-ден 16-ға дейін), олардың әрбіреуінің өз түсіжәне типі болуы мүмкін.

**Шеңбер** – центрінен бірдей қашықтықта орналасқан барлық нүктелер. Әртүрлі тәсілдермен салынуы мүмкін.

**Доға** – центрі, радиусы және шеңбер бойындағы екі нүктемен анықталатын шеңбер бөлігі. Әртүрлі тәсілдермен салынуы мүмкін.

**Эллипс** – үлкен және кіші осьтерін көрсету арқылы салынатын екінші ретті қисық сызық.

**Сплайн** – берілген нүктелер жиыны арқылы өтетін тегіс қисық сызық.

**Полисызық** – түзусызықты және доғалық сегменттер жиынынан тұратын біртұтас объект түріндегі сызық. Қалаңдығын полисызыққа түгел немесе оның жекелеген сегменттеріне жеке-жеке беруге болады.

**Тіктөртбұрыш** – екі қарсы жатқан төбелерін көрсету арқылы беріледі. Сызық қалыңдығы ағымдағы полисызықтың қалыңдығына сәйкес келеді.

**Сақина** – ішкі диаметрі, сыртқы диаметрі және центрі арқылы беріледі.

**Көпбұрыш** – шеңберге іштей немесе сырттай сызылған дұрыс көпбұрыш болып салынады. Жақтарының саны – 3 тен 1024 –ке дейін.

**Блок** – басқа примитивтерден құралатын, біртұтас объект болып табылатын құрама примитив.

**Өлшемдер** – AutoCAD-та сызықтық, радиустық, бұрыштық өлшемдер аттары жоқ арнайы блоктар болып табылады.

**Мәтін** – пайдаланушы ұсынатын белгілі бір мәтіндік стилімен сипатталатын жазулар.

Бұлардан басқа, бірнеше кеңістіктік примитивтер бар, мысалы, үшөлшемді полисызық, үшөлшемді қыр және т.б.

Титульный лист жазу үшін форматтын өлшемін өзгертеміз. Клавиатурадан F7 –СЕТКА – көсіп қоясындар. Формат – суреттерді шектеу – 0,0 Enter басасындар – 210, 297 Enter . Ол A4 форматтын өлшемдері.

Рамка сызу үшін – Сызу – Түзу — Бірінші нүкте 20,5 Enter – сол жағына түзу көрсетіп 185 аласындар — Enter, тузу жоғыры апарып 277 Enter, оң жағына 185 Enter, төменгі 277 –екі рет Enter.

Тексті өндеу.

Тексті (редакциялау) оның қасиеттерін редакциялау үшін бірнеше мүмкіндіктер қарастырылады.

Формат – Стиль текста – Standart – Times New Roman (Gost A) – 7.0000 – 15 градус – назначить – закрыть.

Сызу – текст – однолинейный – g – f – пределы текста – текст – 2 рет Enter.

**Ү.Сабақты қорытындылау және бағалау: (5 мин)** Жұмыстың орындалуына қарай оқушыларды бағалау. Жұмысты аяқтау, компьютерді дұрыс өшіру

**ҮІ. Үй тапсырмасы, бағалау: (10 мин)** Н1:209-212 «**Контекстік меню**» тақырыбын оқып келу.

Н1:	О.Камардинов, К.Б.Есекеев «Информатика».- Ғылым, 2004
-----	---

**Оқытушы:** \_\_\_\_\_ **М. Солбекова**

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.